



РЕДАКТОРДАН

Парасатты, қайырымды, өшпейтін іс туралы

Армысыз, қадірлі оқырман!

Келген парадоксальды дәуір адамзаттың алдына бұрын соңды болмаған «Жасанды интеллект, робот мұғалімді алмастыра ала ма? деген сұрақ қойды. «Болашақтың кәсіптері» тізімінде ежелден келе жатқан дәстүрлі, қайырымды мұғалім мамандығы болмайды деген сыбыс тарап кетті. Шынында да, қазірдің өзінде пандемияның салдарынан қашықтықтан оқытуға көшуге байланысты мұғалімнің қызметі байланыс арналары арқылы білімді тез беруге дейін азаяды. Мұндай тапсырманы заманауи типтегі роботтар орындай алады, ал алдағы жылдардағы киборгтер туралы бірдеңе деп айтудың өзі артық: олар қарапайым пән мұғаліміне қарағанда «ақылдырақ» және алғырлау болады. Иә, соңғы кездегі «қашықтықтан оқытудың» аса бай емес тәжірибесі мұндай күмәндардың туындауына себеп болады. Онда неліктен білім беру саласындағы беделділер, мемлекет қайраткерлері, тіпті ЮНИСЕФ-тің өзі: балаларды мектепке қайтару керек, мұғалімнің оқушылармен тікелей қарым-қатынасының дәстүрлі тәжірибесіне оралу керек деп дабыл қақты? Өйткені, терең ойлап қарайтын болсақ, негізгі тұлғасыз – жанды мұғалімсіз ешқандай мектеп болмайды. Себебі педагог, сөзбе-сөз айтқанда «ұлды (яғни баланы) жетелеуші, бастаушы» – бұл мәңгілік мамандық.

Пандемия уақыты – бұл мұғалім жұмысының мәнін емес, оқытудың мазмұнын, формасын өзгерту үшін мектепті қайта құру кезеңі. «Қашықтықтан оқытуды» одан аман қалу керек дүлей апат, дауыл ретінде қабылдағандар қатты қателеседі. Цифрландыру дәуірінің басталуымен «қашықтықтан оқыту» білім беру процесінің маңызды атрибутына айналды. Онлайн – шын мәнінде шығармашылық педагог үшін үлкен көмек. Ол білім беруді жеңілдетіп, уақытты үнемдейді және терең ойлайтын мұғалім негізгі үшін: балалардың бойында өз бетінше жұмыс істеу, пайымдау, алған білімдерін іс жүзінде қолдану дағдыларын тәрбиелеу үшін қолдана алатын кері байланыс жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі жағдайды өз күштерін жұмылдырудың, арсеналын байытудың белгісі ретінде қабылдаған мұғалімдер білім беру жүйесін келешекте міндетті түрде роботтандыруда жеңімпаздар болады.

Тым жиі қолданылғаннан аздап өзінің мәнін жоғалтқан «Ұстаз, өлшеусіз еңбегіңіз үшін сіздің алдыңызда басымды иемін» деген сөз бүгінгі таңда бұрын-соңды болмағандай өзекті бола түсті. Ұстаз – өскелең ұрпақтың атынан елді, адамзатты алға жетелейтін тарих кейіпкері. Ұстаз – жансыз робот пен ең жоғары деңгейде қалыпталған киборг емес, жаны бар тұлға.

Мен білімнің өзі негізделген басқа формула туралы айтқым келеді. Бұл – «парасатты, қайырымды, өшпейтін іс» ұғымы. Ағарту майданында бұл ұғымды біздің мұғалімдер, жалпы қоғам алдындағы өз парызын түсінетін бүкіл зиялы қауым себуі керек. Баспасөз беттерінде және Интернетте кейбіреулер аталған бұл формула ескірген, құлаққа тұрпайы естіледі, көктегі Жаратушы Құдайдың өзі болмаса, мұндай ізгі істі таратушының рөліне ешкім үміткер бола алмайды дегенді айтып жүр. Ғасырлар бойы бұл міндетті мұғалім атқарып келді және мұғалімнің бұл игі істі ары қарай жалғастыратыны анық.

Айтпақшы, аталған екі әйгілі сөйлем де келесі жылы 200 жылдық мерейтойы аталып өтетін ұлы ақын Николай Алексеевич Некрасовтың шығармаларынан қолданысқа енген. Оның беделіне де нұқсан келтірілді: белгілі бір ортада танымал өлең шығарушы және шоумен, неліктен екені белгісіз Мәскеудің беделді лицейінде ашық сабақтар беріп жүрген Дм. Быков өзінің дәрістерінің бірінде қанаты қатпаған, оңы мен солын әлі дұрыс тани қоймаған, тәжірибесіз мектеп оқушыларының алдында орыс данышпанының есімі мен мұрасын қорлады, тіпті оқушыларға «Мен неге Некрасовты жақсы көрмеймін?» деген тақырыпқа шығарма жазуға берді. Мұндай мұғалімдерді мектептегі тәрбие жұмысына қарыс қадам жақындатуға болмайды деп айту дұрыс па?

Біз бүгін журналдың кезекті номерінде қазіргі қиын жағдайда Ақмола облысындағы педагогтер мен білім беруді ұйымдастырушылардың, сондай-ақ еліміздің білім беру саласындағы басқа қызметкерлердің өз міндеттерін қалай шешіп жатқандығын баяндайтын боламыз.

Жаңа 2021 жыл құтты болсын, құрметті оқырман! Мейлі кім болсақ та, баршамызға осы бір парасатты, қайырымды, өшпейтін іс майданында сәттілік серік болсын!

Ольга Шиленко